

2021-2022 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмыстарының есебі

268 мектеп-лицей акт залында «Тәуелсіздік тұғыры биікте» тақырыбында салтанатты шара болып өтті. Шара барысында мектеп-лицей директоры Ж.Сейтжанова ұстаздар мен оқушыларды, келген қонақтарды мерекемен құттықтап, бірқатар ұстаздарды марапаттады. Арнайы дайындалған видеопролог шараның мәнін ашып, оқушыларға тағылымды мағлұмат берді. Салтанатты шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.



№268 мектеп-лицейінде өткізілген Дүние жүзілік балалар күніне арналған

«Бала құқығы-адам құқығы» атты республикалық онкүндіктің анықтамасы

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық мәдениетін, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясымен 1989 жылғы 20 қарашада қабылданған Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясының негізгі ережелері туралы білім деңгейлерін арттыру.

2019.11.2021 ж Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясымен 1989 жылғы 20 қарашада қабылданған Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясының негізгі ережелері туралы құқықтық білім күнін ұйымдастырылып, жоспар жасалынып бекітілді. Дүйсенбі күнгі жиында оқушыларға іс-шара жоспары таныстырылды. Жиынға слайдтан құқық орталығының жетекшісі Г.Өксікбай оқушыларға Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясының негізгі ережелерімен таныстырды.

19-30.11.2021 ж Балалар үйінің, кәмілетке толмағандарға арналған бейімделу орталықтарының, мүмкіндігі шектеулі балалар мен жастар қоғамдық бірлестіктерінің, еріктілер топтары мүшелерінің қатысуымен 1-11 сыныптар аралығында “Бала құқығы - асыл қазына”, «Сен және сенің құқығың» т.б тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

21.11.2021ж мектеп психологі Ж. Бажееваның ұйымдастыруымен 1-2 сыныптар аралығында «Бақытты балалық шаққа саяхат» атты тренинг болып өтті. Мақсаты: Оқушылар арасындағы қарым қатынасты нығайту. Оқушылардың көңіл күйлерін көтеру. Оқушыларға әртүрлі шарлар таратылды, түстер сәйкес келсе жұп құрып ортаға биледі. 1 минут уақыт ішінде бір-бірімен танысады. Жұп болып билеу кезеңінде оқушылар амандасып, өздерін таныстырып, өзгеше қырларымен бөлісті. Сұрақ жауап арқылы балалық шаққа саяхат жасады. Тренингке оқушылар өте жақсы қатысты. Қатысқаны – 28.



№268 мектеп-лицейінде мектеп ұжымына, ата-аналарға «СНЮС» шегуге арналмаған темекі және темекісіз өнімдерінің зияндылығы туралы түсіндіру шараларын ұйымдастырылды. Мектеп-лицейдің білім алушылары мен олардың ата-аналарына құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізілді. Түсіндірме жұмыстары барысында мектеп аяждандары Ж.Абилкасимова мен Ж.Қожантаева өз баяндамаларын оқып, тақырып туралы толық ақпарат берді.



Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген жиналыс

Мектеп-лицей директоры Ж.Сейтжанова сөз алып: Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі-балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу,кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отырғандығын айтып өтті. Жоғарыда аталған мәселелер бойынша Қызылорда қалалық полиция басқармасының жергілікті полиция қызмет бөлімінің учаскелік полиция инспекторы,полиция капитаны Аманбаев Бағдаулет Рахманұлы сөз алып: 2019 жылдың желтоқсан айында Қызылорда қаласы көлемінде өткізіліп жатқан іс-шаралармен таныстырып,жол жүру ережелері мен сақтық шараларын , қылмыстың және әкімшілік құқық бұзушылықтың және азаматтардың денсаулығына зиян келетін пиротехникалық заттардан

қауіпсіздік шараларын түсіндіріп, алдын алу жолдарымен таныстырып, хабарлама жасады.



«Отбасы – тәрбие басы, мектеп-тәрбие жаршысы»

№268 мектеп-лицейінде 25 қазан күні сыныптар арасында «Отбасы – тәрбие басы, мектеп-тәрбие жаршысы» атты бірыңғай сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты: отбасы тәрбиесі мәселелерінің өзектілігі, оқушылардың отбасындағы алатын білімін ауқымдату, әр адамның отбасындағы тұлға екендігін анықтау, баланың тұлға ретінде қалыптасуына отбасының рөлінің маңыздылығы, оның патриоттық көзқарасы. Отбасының маңызды әлеуметтік қызметі – балаларды тәрбиелеу және дамыту, өскелең ұрпақты әлеуметтендіру.

Барлық сыныптар бойынша «Менің отбасымның тарихы», «Отбасы – барлығының басы», «Менің сүйікті туыстарым» және т.б. тақырыптарда сынып сағаттары, ойын сабақтары өткізілді. Сынып сағатына оқушылар «отбасы» ұғымының терең мағынасын түсініп, әртүрлі ойындар ойнап белсене араласты.





№268 мектеп-лицейінде 28 қараша күні 7-10 сыныптар арасында мектеп инспекторы Қызылорда ҚПБ-ның ЖПҚ ЮПБ-ның бөлімінің инспекторы полиция лейтенанты Ә.Жайсаңбаев, А.Ақбар, тәрбие мамандарының қатысуымен «Есірткісіз болашақ» тақырыбында ережеге сәйкес видеороликтер мен сахна қойылымдарының сайысы өткізілді. Сайыстың мақсаты: адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған есірткінің, темекінің зиянын және улы екенін түсіндіре отырып саналыққа, салауатты өмірді таңдауға тазалыққа, лас істерден аулақ болуға жан сұлулығымен қатар тән сұлулығын сақтауға тәрбиелеу. Есірткі жайлы кеңінен мағлұмат бере отырып, отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, тазалыққа, денсаулыққа, баулу. Ерекше дайындықпен келген командалар дипломдар мен бағалы сыйлықтарға ие болды.



21.11.2021ж қазақ тілі пәнінің мұғалімі Сүлейменова Г «Балалық шақ – ең бақытты уақыт» атты 5-6 сыныптар аралығында эссе сайысын өткізді. І орын 6 а сынып оқушысы Өксікбай Даниял, ІІ орын 6 б сынып оқушысы Зинебай Жангелді, ІІІ орын 5 ә сынып оқушысы Болатқызы Ақбота дипломмен марапатталды. Қалған оқушыларға алғыс хаттар таратылды.

22.11.2021ж Алдабергенова М, Әбілқасымова А ұйымдастыруымен Алғашқы махабат мәңгілік пе? атты деспут өткізілді.

23.11.2021ж Сүлейменова Н, Прекеева М “Балалық шақты қорғау” тақырыбында 7-8 сынып оқушыларына арасында дөңгелек үстел өткізді. Оқушыларға «Балалық шақ дегеніміз...», «Балалық шақтан есімде қалғаны...», «Қазір мен ол туралы былай ойлаймын....» сөйлемдерін аяқтау ұсынылды. Кішкентай баланың балалық шағы туралы бейнебаян көрсетіліп, «Менің балалық шағым қалай өтті?» сұрақ төңірегінде сұхбат жүргізілді.

Балалық шағым қандай болды, қазір мен қандаймын және болашақта қандай боламын деген сауалдарға жауап беру кестесін толтыруды 7-8 сынып оқушылары қызығушылықпен орындады.

«Болашаққа хат» тренинг барысында оқушылар хат жазып, өздерінің болашағын болжады. Балалық шақтан болашақ өмірге деген оймен бір-бірлеріне тілек білдірді. Бір сәтке еске алған балалық шақтарына ойша оралып, қазіргі таңда ер азамат, есею, үлкен өмірге қадам басу жолында жүргендерін еске алып, көңілдері мен сезімдерін сыртқа шығарған оқушылар эмоцияға толы сезіммен, көңілденіп кездесуді аяқтады.



26.11.2021ж мектеп психологі Ж. Бажеева 7-9 сынып оқушыларына Бала құқығын қорғау комитетінің тапсырмасымен балалардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау және сақтану мақсатында әзірленген бейнероликтер көрсетті. Оқушылар бейнероликтен көрген әсерлерін ортаға бөлісті.

Технология пәнінің мұғалімі Н. Шерниязов 5-7 сыныптар аралығында «**Зорлық зомбылықсыз балалық шақ**» атты сурет сайысын өткізді. Тақырыптың мазмұнын аша білген оқушылар алғыс хаттармен марапатталды. Сурет сайысына оқушылар қызығушылықпен белсене қатыст. Қатысқаны-28 оқушы.

28.11.2021ж Мектеп психологтары **«Бақытты балалық шаққа саяхат»** тақырыбында

5-6 сынып оқушыларына тренинг ұйымдастырды. Қатыстырылған бала саны – 48.



28.11.2021ж Бастауыш сынып мұғалімдері Ж. Құламқадірова, С. Құрымбаева 3-4 сынып оқушыларына **«Балалық шақ – ең бақытты уақыт»** атты шығармалар сайысын өткізді. Оқушылар өз балалық шақтарынан өте әсерлі етіп, өз ойларын еркін жеткізе білді.

29.11.2021ж Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Аяғанов Н, Кумербаев А **«Әкем, анам және мен»** атты Толағай отбасылық сайысын өткізді. Сайысқа ата-аналар белсене қатысты. Нәтежесінде Сапабековтар отбасы жеңіске жетіп, дипломмен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Қатысқаны -86 .



29.11.2021ж 5-9 сыныптар аралығында А. Әбілқасымова, М. Алдабергенованың ұйымдастыруымен **«Балаға мейірімді қала»** тақырыбында флеш- моб өткізілді. Флеш-мобқа барлық сыныптар белсене қатысты. Нәтежесінде бас жүлде 7 ә сыныбы, I орын 10 а, II орын 9 ә, III орынды 9 а сыныбы иемденді. Сайыс өз дәрежесінде өткізілді.





30.11.2021ж Садирсламова Г. , Сейтпенбетова М. **“Құқықтық сауаттылық - заман талабы”** тақырыбында 7-8 сыныптар аралығында дөңгелек үстел өткізді. Шараға ата-аналар да қатыстырылып, қазіргі таңдағы өзекжарды мәселелермен ой бөлісті.

Ата-аналарға өз балаларының құқықтары мен еркіндіктерін шектеп ұстау міндеттілігі туралы түсініктер беріліп, құқықтық алаң – адам құқықтарының жиынтығы екені түсіндіріліп «Құқықтық алаң» ұғымын анықтау мақсатында ата-аналарға арналған тренинг өткізілді. Ата-аналарды мектеп жарғысымен, «Бала құқықтары туралы» Конвенциясымен, бала міндеттерімен таныстырды.

30.11.2021ж Мектеп медбикелері Ж. Абилкасимова, Ж. Қожантаеваның ұйымдастыруымен 9-10 сыныптар аралығында **«Ерте жүктіліктің алдын алу»** тақырыбында әңгімелесу өткізілді. Бұл іс-шараның мақсаты жасөспірімдердегі ерте жүктіліктің алдын алу болып табылады. Өскелең жастар мораль және жыныс тәрбиесі бойынша сұрақтар қойды. Контрацепцияның әр түрлі қолжетімді әдістері, жыныс арқылы берілетін жұқпалардың алдын алу және салауатты өмір салтын сақтау туралы ақпараттар жеткізілді. Тыңдаушыларға ақпараттық – білім материалдары (буклеттер) таратылды



1-Наурыз – Алғыс айту күніне орай іс-шаралар өткізілді. Іс-шараның мақсаты: Білім алушыларға «1 наурыз- Алғыс айту күні» мерекесінің мәні туралы түсінік беру және ризашылық пен алғыс,сыйластық құндылығы туралы түсініктерін кеңейту,үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту,әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

«Алғыс айту күні - бұл алдымен бейбітшілік пен келісім саясатының нәтижесінде еліміздің ырысы мен ынтымағы, бірлігі мен тірлігі жарасқан Қазақстан азаматтарының бір-біріне деген шынайы алғысы мен ыстық ықыласының белгісі».

Іс-шара барысында 1-11 сынып оқушыларының арасында «Алғыс айту – парызым», «Туған жерге мың алғыс», «Жүректен жүрекке», «Алғыс айтам бәріңе» тақырыптарында сынып сағаттары өткізіліп, барысында оқушылар өз шығармашылықтарын көрсетіп, әртүрлі тренингтер өткізілді.

Сонымен қатар күні 8 «ә» сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «Алғысым шексіз....» тақырыбында мерекелік кеш өткізді. Салтанатты жиынға мектеп әкімшілігі, оқушылар және ұстаздар қауымы қатысып, ерекше көңіл-күйге бөленді. 8 «ә» сынып оқушылары таңеертең сабақ басталған уақыттан ұстаздарды мектеп оқушыларын жылы лебіздерін білдіріп қарсы алды, мерекелік жиында өз өнерлерін ортаға салып, түрлі көріністер көрсетіп, ән шырқап өз сыныбының оқушыларының ұйымшылдығын көрсетті.



6-7 сыныптар арасында өткізілген «Алғашқы махаббат мәңгілік пе?»
тақырыбында диспут

